

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 80 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 желтоқсанда № 37505 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулыларының құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 24 қарашадағы
№ 80 қаулысымен
бекітілді

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарын, тізбесін, кезеңділігі мен оны ұсыну мерзімін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Есептілік Ұлттық Банктің аумақтық филиалына (микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның орналасқан жері бойынша) Ұлттық Банкке есептілікті ұсыну сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы электрондық түрде ұсынылады.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде есептілікті жүктеу кезінде нысанішілік және нысанаралық бақылау жүзеге асырылады. Нысанішілік және нысанаралық бақылауды жүзеге асыру кезінде қателер анықталған жағдайда ақпараттық жүйе есептілікті қабылдамайды.

4. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер есепті күнге "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) 2-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.

5. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым клиентінің және (немесе) контрагентінің резиденттігі "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

6. Есептілікте деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.

7. Есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Есепте 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Теріс сома болған кезде модуль бойынша арифметикалық дөңгелектеу қолданылады; кейіннен қосу арқылы мыңның бірінші таңбасына дейін біріктіріледі, орташа мәнді және үлестерді есептеу кезінде кейіннен мыңға дейін дөңгелектеу арқылы теңгемен есептеу қолданылады

8. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігін микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

9. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған есептілік электрондық форматта сақталады.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда есептілік нөлдік мәндермен ұсынылады.

2-тарау. Микроқаржы ұйымдарының есептілікті ұсыну тәртібі

11. Микроқаржы ұйымы есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін (қоса алғанда), ай сайын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына (орналасқан жері бойынша):

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есепті;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліктегі өзгерістер туралы есепті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржы ұйымының микрокредиттері, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есепті;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пруденциялық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы есепті;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есепті;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есепті ұсынады.

12. Микроқаржы ұйымы есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне (қоса алғанда) дейін, тоқсан сайын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына (орналасқан жері бойынша):

1) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есепті;

2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есепті;

3) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есепті;

4) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді жіктеу туралы есепті;

5) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді жіктеу туралы есепті ұсынады.

3-тарау. Кредиттік серіктестіктердің есептілікті ұсыну тәртібі

13. Кредиттік серіктестік есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін (қоса алғанда), тоқсан сайын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына (орналасқан жері бойынша):

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліністегі өзгерістер туралы есепті;

2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есепті;

3) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есепті;

4) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік серіктестік жеке және заңды тұлғаларға берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есепті;

5) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарғылық және меншікті капиталдар туралы, сондай-ақ левередж коэффициенті туралы есепті ұсынады.

4-тарау. Ломбардтардың есептілікті ұсыну тәртібі

14. Ломбард есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін (қоса алғанда), тоқсан сайын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына (орналасқан жері бойынша):

1) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есепті;

2) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есепті;

3) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ломбардтар берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есепті ұсынады.

Микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымның
есептілікті ұсыну қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: FRD_MFO_1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін (қоса алғанда), ай сайын

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен, бірлігі)

Көрсеткіш коды	Көрсеткіш атауы	Осу қорытындысымен есепті жылдың басынан бері берілген микрокредиттердің көлемі, мың теңге
1	2	3
1	Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (бұдан әрі – онлайн микрокредиттер), оның ішінде:	

1.1	жеке тұлғаларға (дара кәсіпкерлерді қоспағанда), оның ішінде:	
1.1.1	кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсатқа, оның ішінде:	
1.1.1.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
1.1.2	кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсатқа, оның ішінде:	
1.1.2.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
1.2	дара кәсіпкерлерге	
1.2.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
1.3	занды тұлғаларға	
1.3.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
2	Алаяқтық фактілері анықталған онлайн микрокредиттер, оның ішінде:	
2.1	дербес микроқаржы ұйымы	
2.2	жеке тұлғалардың жолданымдары бойынша	
2.3	құқық қорғау органдарының ақпараты бойынша	
2.4	сот шешімі бойынша	
2.5	өзге тәсілмен	
3	Алаяқтық фактілері анықталған онлайн микрокредиттер, олар бойынша:	
3.1	іс-шаралар жүргізілді, оның ішінде:	
3.1.1	сыйақы есептеу тоқтатыла тұрды	
3.1.2	талап-арыз жұмысы тоқтатыла тұрды	
3.1.3	сыйақы есептеу тоқтатыла тұрды және талап-арыз жұмысы тоқтатыла тұрды	
3.1.4	кредиттік тарихқа түзету жүргізілді	
3.1.5	клиенттің берешегі толық немесе ішінара көлемде есептен шығарылды	
	кредиттік тарихқа түзету жүргізілді және клиенттің	

(индексі – FRD_MFO_1, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Микроқаржы ұйымы Нысанды ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (бұдан әрі – онлайн микрокредиттер) бойынша мәліметтер "Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 217 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19714 болып тіркелген) бекітілген Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларына (бұдан әрі – № 217 қағидалар) сәйкес көрсетіледі.

5. Микроқаржы ұйымының басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған Нысан электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Есептің 1-бөлімінде (1, 1.1, 1.1.1, 1.1.1.1, 1.1.2, 1.1.2.1, 1.2, 1.2.1, 1.3, 1.3.1-жолдар) № 217 қағидаларға сәйкес электрондық тәсілмен берілген, оның ішінде алаяқтық фактілері анықталған барлық микрокредиттер туралы деректер көрсетіледі.

7. "Есепті күнгі берешек қалдығы (негізгі борыш)" деген 5-бағанда есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша онлайн микрокредиттердің негізгі борышы бойынша берешек қалдығы көрсетіледі.

8. Есептің 2-бөлімінде (2, 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5-жолдар) және 3-бөлімінде (3, 3.1, 3.1.1, 3.1.2, 3.1.3, 3.1.4, 3.1.5, 3.1.6, 3.2, 3.3-жолдар) алаяқтық фактілерін анықтау тәсілдері және қабылданған шаралар бойынша алаяқтық фактілері анықталған онлайн микрокредиттер бойынша мәліметтер қамтылады, осыған байланысты 2-жол 3-жолға тең болуға тиіс.

"Алаяқтық фактілері анықталған онлайн микрокредиттер, оның ішінде: дербес микроқаржы ұйымы" деген 2.1-жолда ішкі қауіпсіздік қызметтерінің актілерімен немесе ұйымның құзыретті органдарының шешімдерімен расталған алаяқтық жағдайлары туралы мәліметтер көрсетіледі.

9. Әрбір есепті күні анықталған алаяқтық фактілері шеңберінде жүргізілген іс-шаралардың мәртебесін есепті күні нақты қолда бар ақпаратқа немесе жүргізілген іс-шараларға қарай жаңарту қажет.

10. 1-жолда 1.1, 1.2 және 1.3-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

11. 1.1-жолда 1.1.1 және 1.1.2-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

12. 2-жолда 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

13. 3-жолда 3.1, 3.2 және 3.3-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

14. 3.1-жолда 3.1.1, 3.1.2, 3.1.3, 3.1.4, 3.1.5, 3.1.6 және 3.1.7-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

15. 3.1.1, 3.1.2, 3.1.3-жолдарда 3.1.4, 3.1.5, 3.1.6-жолдарда көрсетілген іс-шаралар жүргізілген онлайн микрокредиттер бойынша мәліметтерді көрсету талап етілмейді.

16. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымның
есептілікті ұсыну қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліністегі өзгерістер туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: PMM_MFO_KT_1

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

микроқаржы ұйымы – есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін (қоса алғанда), ай сайын;

кредиттік серіктестік – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін (қоса алғанда), тоқсан сайын

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен)

Жол коды	Атауы	Есепті кезеңнің басындағы кредиттік портфель (негізгі борыш)	Есепті кезеңде берілген кредиттер		
			Берілген микрокредиттердің көлемі	Орташа өлшемді мөлшерлеме (номиналды), пайызбен	Орташа өлшемді мөлшерлеме (тиімді), пайызбен
1	2	3	4	5	6
1.	Микрокредиттердің барлығы				
1.1.	З а н д ы тұлғаларға микрокредиттер, оның ішінде				
1.1.1.	Алматы қ. (Әкімшілік-аумақтық объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес өңір)				
1.1.1.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.1.1.2	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.1.1.n					
1.1.2.	Астана қ. (Әкімшілік-аумақтық объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес өңір)				

1.1.2.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.1.2.2	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.1.2.n					
1.1.n.	Н қ . (Әкімшілік-аумақтық объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес өңір)				
1.1.n.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.1.n.2	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.1.n.n					
	Ж е к е кәсіпкерлерге				

1.2.	микрокредиттер, оның ішінде				
1.2.1.	Алматы қ. (Әкімшілік-аума қ т ы қ объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес өңір)				
1.2.1.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ӘҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.2.1.2	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ӘҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.2.1.n					
1.2.2.	Астана қ. (Әкімшілік-аума қ т ы қ объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес өңір)				
1.2.2.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ӘҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
	Экономикалық қызмет түрлерінің				

1.2.2.2	ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.2.2.n					
1.2.n.	N қ . (Әкімшілік-аума қ т ы қ объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес өңір)				
1.2.n.1	Экономикалық қ ы з м е т түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.2.n.2	Экономикалық қ ы з м е т түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.2.n.n					
1.3.	Жеке тұлғаларға (д а р а кәсіпкерлерді қоспағанда) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсаттарға микрокредиттер, оның ішінде				
	Алматы қ. (Әкімшілік-аума қ т ы қ объектілердің				

1.3.1.	ұлттық жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес өңір)				
1.3.1.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.3.1.2	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.3.1.n					
1.3.2.	Астана қ. (Әкімшілік-аума қ т ы қ объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес өңір)				
1.3.2.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.3.2.2	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қ а р ы з				

	алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.3.2.n					
1.3.n.	N қ. (Әкімшілік-аумақтық объектілердің ұлттық жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес өңір)				
1.3.n.1	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.3.n.2	Экономикалық қызмет түрлерінің ұлттық жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес қарыз алушылардың экономикалық қызметінің түрі				
1.3.n.n					
1.4.	Жеке тұлғаларға (дара кәсіпкерлерді қоспағанда) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсаттарға микрокредиттер, оның ішінде				
1.4.1.	Автомобиль көлігін сатып алуға				
1.4.2.	Тұрғын үй жылжымайтын мүлігін сатып алуға				

1.4.3.	Жер/жер учаскелерін сатып алуға				
1.4.4.	Берешекті қайта қаржыландыру мақсаттары үшін				
1.4.5.	45 күнге дейінгі мерзімге және 45 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қамтамасыз етілмей берілген				
1.4.6.	Б а с қ а мақсаттарға				

кестенің жалғасы:

Есепті кезеңде кредиттік портфельді (негізгі борышты) өтеу	Кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялар	Кезең соңындағы кредиттік портфель (негізгі борыш)
7	8	9

Атауы _____
Мекенжайы _____
Телефоны _____
Электрондық пошта мекенжайы _____
Орындаушы _____
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан: "Берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліністегі өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліктегі өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанға
қосымша

"Берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліктегі өзгерістер туралы есеп"

(нысанның индексі – РММ_МФО_КТ_1, кезеңділігі – ай сайын, тоқсан сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліктегі өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды микроқаржы ұйымы ай сайын, кредиттік серіктестік тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Микроқаржы ұйымының, кредиттік серіктестіктің басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған Нысан электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан коллекторлық агенттіктерге берілген/ құқығы берілген қарыздар туралы мәліметтерді қоса алғанда, есепті кезеңде жасалған және (немесе) есепті кезеңде қолданыста болған және (немесе) қолданысын тоқтатқан микрокредит беру туралы шарттар бойынша негізгі борыш жөніндегі мәліметтерді беруге арналған.

6. Нысанда өңірлік және салалық бөлікте есепті кезеңде берілген микрокредиттер көлемі, олар бойынша орташа өлшемді сыйақы мөлшерлемелері (номиналды және тиімді), негізгі борышты өтеу көлемі, кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялар, микроқаржы ұйымдары мен кредиттік серіктестіктердің қарыз алушы – заңды тұлғалар, дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғалар бөлігінде кредиттік портфель (негізгі борыш) бойынша деректер көрсетіледі.

7. Негізгі борыш – кредит беру кезеңінің белгілі бір кезінде сыйақыны, сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті, дисконтты (сыйлықақыны), құнсыздануға арналған резервті, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, қарыз алушы микроқаржы ұйымына, кредиттік серіктестікке төлеуі тиіс өтелмеген борыш сомасы.

8. Кредиттік портфельде клиенттерге (заңды және жеке тұлғаларға) арналған несиелердің барлық түрлері мен оларға ұқсас операциялар қамтылады.

9. Кәсіпкерлік қызметке байланысты мақсатқа заңды тұлғаларға, сондай-ақ жеке тұлғаларға, оның ішінде дара кәсіпкер ретінде тіркелгендерге берілген микрокредиттер бойынша қарыз алушылардың экономикалық қызмет түрі "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму

министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2019 жылғы 22 ақпандағы № 68-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР ҰЖ 03-2019 "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне" сәйкес көрсетіледі.

10. Нысанда қарыз алушылар орналасқан жері бойынша топтастырылады; 2-бағанда қарыз алушылардың орналасқан өңірі "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР ҰЖ 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне" сәйкес көрсетіледі.

11. 3 және 9-бағандарда тиісінше есепті кезеңнің басындағы және соңындағы негізгі борыш қалдықтарының сомасы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

12. 4-бағанда есепті кезеңде берілген микрокредиттер туралы мәліметтер көрсетіледі, олар микрокредит беру туралы шарттардың негізінде толтырылады.

13. 5 және 6-бағандарда орташа өлшемді мөлшерлеме – бұл есепті кезеңде берілген микрокредиттердің көлемі бойынша өлшемделген мөлшерлеме.

14. 5-баған берілген микрокредиттер бойынша сыйақының орташа өлшемді жылдық номиналды мөлшерлемесін көрсетуге арналған, ол микрокредит беру туралы шарттарда белгіленген жылдық пайыздық мөлшерлемелер көбейтінділерінің негізгі борыш бойынша берешекке қосындысының (номиналды мөлшерлеме) негізгі борыш бойынша берешектің жалпы сомасына қатынасымен айқындалады.

Орташа өлшемді мөлшерлеме мына формула бойынша есептеледі:

Орташа өлшемді пайыздық мөлшерлеме =

$$\frac{i_1 \times Q_1 + i_2 \times Q_2 + \dots + i_n \times Q_n}{Q_1 + Q_2 + \dots + Q_n}$$

,

мұнда:

$i_1 \dots i_n$ – n -ші кредит бойынша микрокредит беру туралы шартта белгіленген жылдық пайыздық мөлшерлеме (номиналды мөлшерлеме) (n – негізгі борыш бойынша берешегі бар микрокредиттердің жалпы саны);

$Q_1 \dots Q_n$ – n -ші кредит бойынша микрокредит беру туралы шартта белгіленген негізгі борыш бойынша берешек (сыйақыны, комиссияларды және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда).

15. 6-баған берілген микрокредиттер бойынша орташа өлшемді жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін көрсетуге арналған.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының негізгі борыш пен сыйақы бойынша барлық төлемдері, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін комиссиялар мен өзге де төлемдер енгізіледі.

Қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға төленген соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төленген төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға төленген j-ші төлемнің сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

tj - қарыз берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем жасалған кезге дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

ti - қарыз берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлеміне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

16. 7-бағанда есепті кезеңде негізгі борыш бойынша берешекті өтеуге бағытталған нақты түскен төлемдердің жиынтық сомасы көрсетіледі.

17. 8-бағанда 4 және 7-бағандарда есепке алынбаған, негізгі борыш бойынша берешек қалдығының өзгеруіне әсер еткен және сомаларды, оның ішінде есепті кезең ішінде жүргізілген негізгі борыш бойынша сатылған (кері сатып алынған) және (немесе) кешірілген берешек сомасын көрсетуге арналған мәліметтер көрсетіледі.

Сатылған (кері сатып алынған) берешек талап ету құқықтары үшінші тұлғаға берілген (минуспен көрсетіледі) және (немесе) талап ету құқықтарын беру шарты бойынша үшінші тұлғадан кері сатып алынған (плюспен көрсетіледі) негізгі борыш бойынша берешекті білдіреді.

Кешірілген берешек – микрокредит бойынша жинақталған, шарттың барлық қолданылу кезеңі үшін кредитор кешірген негізгі борыш бойынша берешек сомасы (минуспен көрсетіледі).

8-бағандағы көрсеткіш талап ету құқықтары берілген (сатылған) немесе қабылданған (сатып алынған) барлық микрокредиттер үшін толтыруға міндетті болып табылады. Негізгі борыштың қалдығы бойынша теріс мәнді көрсетуге рұқсат етіледі.

18. 1-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.1, 1.2, 1.3 және 1.4-жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі.

19. 1.1-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.1.1, 1.1.2, 1.1.3 және одан әрі жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі, онда негізгі борыштың, микрокредиттерді беру және өтеу көлемдерінің, сондай-ақ кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялардың көрсеткіштері қарыз алушылардың орналасқан жері бойынша республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтары бөлігінде топтастырылады.

20. 1.1.1-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.1.1.1, 1.1.1.2, 1.1.1.3 және одан әрі жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі, онда негізгі борыштың, микрокредиттерді беру және өтеу көлемдерінің, сондай-ақ кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялардың көрсеткіштері қарыз алушылардың экономикалық қызмет түрлері бойынша топтастырылады.

1.1.2, 1.1.3 және одан әрі жолдар осыған ұқсас болады.

21. 1.2-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.2.1, 1.2.2, 1.2.3 және одан әрі жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі, онда негізгі борыштың, микрокредиттерді беру және өтеу көлемдерінің, сондай-ақ кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялардың көрсеткіштері қарыз алушылардың орналасқан жері бойынша республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтары бөлігінде топтастырылады.

22. 1.2.1-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.2.1.1, 1.2.1.2, 1.2.1.3 және одан әрі жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі, онда негізгі борыштың, микрокредиттерді беру және өтеу көлемдерінің, сондай-ақ кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялардың көрсеткіштері қарыз алушылардың экономикалық қызмет түрлері бойынша топтастырылады.

1.2.2, 1.2.3 және одан әрі жолдар осыған ұқсас болады.

23. 1.3-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.3.1, 1.3.2, 1.3.3 және одан әрі жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі, онда негізгі борыштың, микрокредиттерді беру және өтеу көлемдерінің, сондай-ақ кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялардың көрсеткіштері қарыз алушылардың орналасқан жері бойынша республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтары бөлігінде топтастырылады.

24. 1.3.1-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.3.1.1, 1.3.1.2, 1.3.1.3 және одан әрі жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі, онда негізгі борыштың, микрокредиттерді беру және өтеу көлемдерінің, сондай-ақ кредиттік портфельдің өзгеруіне әсер еткен операциялардың көрсеткіштері қарыз алушылардың экономикалық қызмет түрлері бойынша топтастырылады.

1.3.2, 1.3.3 және одан әрі жолдар осыған ұқсас болады.

25. 1.4-жолда (5 және 6-бағандарды қоспағанда) 1.4.1, 1.4.2, 1.4.3, 1.4.4, 1.4.5, 1.4.6-жолдар мәндерінің қосындысы көрсетіледі.

26. 1.4.5-жолда "Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 қаулысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34960 болып тіркелген) 1-тармағы 1-бөлігінің төртінші абзацына сәйкес келетін микрокредиттер бойынша ақпарат көрсетіледі, яғни, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге ұсынылатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес мақсатқа, қамтамасыз етудің берілетін микрокредиттер бойынша ақпарат көрсетіледі.

27. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымның
есептілікті ұсыну қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: микроқаржы ұйымы берген, оның ішінде мерзімі өткен
берешегі бар микрокредиттер туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
MP_MFO_1

Кезеңділігі: ай сайын
Есепті кезеңі: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар
тобы: микроқаржы ұйымы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін (қоса алғанда), ай сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____
Жинау әдісі: электрондық түрде
(мың теңгемен)

Р/с №	Атауы	Баланстық құны, барлығы
1	2	3
1	Дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер, барлығы	

1.1.	кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсатқа, оның ішінде:	
1.1.1.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етумен, оның ішінде:	
1.1.1.1	автокөлік кепілімен, оның ішінде:	
1.1.1.1.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.1.1.1.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.1.1.1.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.1.1.1.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.1.1.1.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.1.1.1.2.4	90 күннен астам	
1.1.1.2	жылжымайтын мүлік кепілімен, оның ішінде:	
1.1.1.2.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.1.1.2.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.1.1.2.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.1.1.2.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.1.1.2.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.1.1.2.2.4	90 күннен астам	
1.1.1.3	басқа да микрокредиттер, оның ішінде:	
1.1.1.3.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.1.1.3.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.1.1.3.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.1.1.3.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.1.1.3.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.1.1.3.2.4	90 күннен астам	
1.1.2.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуді, оның ішінде:	

1.1.2.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.1.2.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.1.2.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.1.2.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.1.2.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.1.2.2.4	90 күннен астам	
1.2.	кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсатқа берілген, оның ішінде:	
1.2.1.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етумен, оның ішінде:	
1.2.1.1	автокөлік кепілімен, оның ішінде:	
1.2.1.1.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.2.1.1.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.2.1.1.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.2.1.1.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.2.1.1.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.2.1.1.2.4	90 күннен астам	
1.2.1.2	жылжымайтын мүлік кепілімен, оның ішінде:	
1.2.1.2.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.2.1.2.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.2.1.2.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.2.1.2.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.2.1.2.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.2.1.2.2.4	90 күннен астам	
1.2.1.3	басқа микрокредиттер, оның ішінде:	
1.2.1.3.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	

1.2.1.3.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.2.1.3.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.2.1.3.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.2.1.3.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.2.1.3.2.4	90 күннен астам	
1.2.2.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің, оның ішінде:	
1.2.2.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.2.2.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.2.2.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.2.2.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.2.2.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.2.2.2.4	90 күннен астам	
1.3.	Анықтама үшін: республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде, күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсатқа берілген микрокредиттер, оның ішінде:	
1.3.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
1.3.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
1.3.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
1.3.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
1.3.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
1.3.2.4	90 күннен астам	
1.4.	Анықтама үшін: кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсатқа берілген микрокредиттер, оның ішінде	

1.4.1.	автомобиль көлігін сатып алуға	
1.4.1.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	
1.4.2.	тұрғын үй жылжымайтын мүлігін сатып алуға	
1.4.2.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	
1.4.3.	жер /жер учаскесін сатып алуға	
1.4.3.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	
1.4.4.	берешекті қайта қаржыландыру мақсаты үшін	
1.4.4.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	
1.4.5.	45 күнге дейінгі мерзімге және 45 АЕК дейінгі мөлшерде қамтамасыз етусіз берілген	
1.4.5.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	
1.4.6.	басқа мақсатқа	
1.4.6.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	
2	Дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер, оның ішінде:	
2.1.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етумен , оның ішінде:	
2.1.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
2.1.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
2.1.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
2.1.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
2.1.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
2.1.2.4	90 күннен астам	
2.2	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етусіз берілген, оның ішінде:	
2.2.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
2.2.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	

2.2.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
2.2.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
2.2.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
2.2.2.4	90 күннен астам	
3	Заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер, оның ішінде	
3.1.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етумен берілген, оның ішінде:	
3.1.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
3.1.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
3.1.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
3.1.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
3.1.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
3.1.2.4	90 күннен астам	
3.2.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің берілген, оның ішінде:	
3.2.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
3.2.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
3.2.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
3.2.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
3.2.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
3.2.2.4	90 күннен астам	
3.3	Анықтама үшін: кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары бөлігінде заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер	
3.3.1	шағын кәсіпкерлік субъектілеріне	
3.3.1.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
3.3.1.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
3.3.1.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	

3.3.1.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
3.3.1.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
3.3.1.2.4	90 күннен астам	
3.3.2	орта кәсіпкерлік субъектілеріне	
3.3.2.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
3.3.2.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
3.3.2.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
3.3.2.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
3.3.2.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
3.3.2.2.4	90 күннен астам	
3.3.3	ірі кәсіпкерлік субъектілеріне	
3.3.3.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
3.3.3.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
3.3.3.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
3.3.3.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
3.3.3.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
3.3.3.2.4	90 күннен астам	
4	"Кері репо" операциялары	
5	Кредиттік портфельдің жиыны, оның ішінде:	
5.1	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ	
5.2	негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек бар, оның ішінде:	
5.2.1	1 күннен 30 күнге дейін	
5.2.2	31 күннен 60 күнге дейін	
5.2.3	61 күннен 90 күнге дейін	
5.2.4	90 күннен астам	

кестенің жалғасы:

оның ішінде					
				Баланстық құнды есептеу кезінде	

Негізгі борыш	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Оң немесе теріс түзету	ескерілетін тұрақсыздық айыбы (айыппұл , өсімпұл)	Резервтер (про- визиялар)
4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Микрокредит беру туралы шарттың саны, бірлігі	Бірегей қарыз алушылар саны, бірлігі
10	11

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Микроқаржы ұйымы берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Микроқаржы ұйымы берген,
оның ішінде мерзімі өткен
берешегі бар микрокредиттер
туралы есеп" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

"Микроқаржы ұйымы берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп" (индексі – МР_МФО_1, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Микроқаржы ұйымы берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды микроқаржы ұйымы ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Микроқаржы ұйымының басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған Нысан электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

